

Жаназарова Загира Кожабаявнаның «Жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### ПІКІР

Диссертациялық жұмыс қазіргі шеттілдік білім беру теориясы мен практикасының өзекті мәселелерінің біріне арналған. Зерттеуде экономикаға бағытталған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалып, оны жүзеге асырудың ғылыми негізделген әдістемесі ұсынылған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделін әзірлеумен, аталған құзыреттіліктің құрылымын түзетін тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктерді негіздеумен сипатталады. Сонымен қатар зерттеуде экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға арналған интеграцияланған профконцепт ұсынылып, оның мазмұны мен құрылымы ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Диссертацияның маңызды нәтижелерінің қатарына метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға арналған тезаурустық, дискурсивті-интерактивтік және жобалық-рефлексиялық жаттығулар жүйесінің әзірленуі жатады. Автор ұсынған жаттығулар кешені болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-коммуникативтік даярлығын жетілдіруге бағытталған. Сондай-ақ зерттеу аясында дайындалған экономикалық терминдер мен ұғымдарды қамтитын тезаурустық сөздік білім алушылардың кәсіби тезаурусын қалыптастыруға және кәсіби дискурсты меңгеруге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы ұсынылған ғылыми тұжырымдармен және мазмұндық-функционалдық модельмен айқындалса, практикалық маңыздылығы әзірленген әдістемемен, оқу-әдістемелік құралдармен, жаттығулар жүйесімен және тезаурустық сөздікпен расталады.

Жалпы алғанда, Жаназарова Загира Кожабаявнаның «Жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми еңбек болып табылады және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Пікір беруші:

Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университеті,  
педагогика ғылымдарының кандидаты,

қауым. профессор

[perizat\\_fmo@mail.ru](mailto:perizat_fmo@mail.ru)



РАСТАЙМЫН  
Қазіргі уақыттағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды  
аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАБЕРЯЮ

ҚазҰУ Ғылыми кадрларды  
құрастыру және кадрларды  
қалыптастыру және аттестация  
басқармасының басшысы

2020 ж. г.